Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету. Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады.Құстарды қазақ тілінде атайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	**"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	**"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын,	**Шаттық шеңбері** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)	**"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті -

			қарақат, өрік, тәңкурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)		күстанның және жыл құстарына көректерді бөлу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**	**Музыка маманының жоспары бойынша** **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**		**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**	

	"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың қоректенуі туралы балалардың білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарының айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. **(сөйлеуді дамыту)** **"Жұмбақтардың шешімін табу".** Мақсат-міндеттері. Құстарға байланысты жұмбақ жасыру, балалардың ойлау қабілетін дамыту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** "Күзгі қоректер". Мақсат-міндеттері. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.** "Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру.	**«Менің отбасым»әңгіме Мақсаты:** Балада өз отбасына деген қуаныш пен мақтаныш сезімін ояту, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу; балаларда фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу ойындарын эмоционалды және мәнерлі оқи білуді, дауыстың күшін, интонациясын реттей білуді дамыту. **Саусақ ойыны:** Бұл саусақ-атам, Бұл саусақ әжем, Бұл саусақ-әкем, Бұл саусақ-мамам, Ал, бұл біздің баламыз – Оның есімі-бекініс. Атам, әжем, әкем, анам, менің бүкіл отбасым! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет қарымқатынас іс-әрекеті, математика негіздерітанымдық қызмет)**	**«Жақсы мен жаман»** Адам атызға бір топ гүл әкеліп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған ол күннен-күнге тамыр жайып, гүлдеп өсе берді. Гүл бәрін де сүйетін: мөп-мөлдір суды да, тап-таза ауаны да, күннің нұрын да. Айналаға еркелей, құмарлана қараудан әсте жалықпаушы еді. Ол осынау тірлік иесі болғанына, өзін отырғызған адамға да риза еді. Бір күні: - Әй, сен, көп асқақтама! Мен тірі тұрсам, әлі өмірге келгенің өкінетін боласың, – деген шіңкілдек дауысқа жалт қараса, дәл төменде түрі ұсқынсыз шөп басын қылтитып тұр екен. Гүлдің көңілі ортайып, бір түрлі жабырқап қалды. Ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасаурап кетті. Бірте-бірте солып, сарғайып бара жатты. Амалсыз жанындағы өзінен біршама үлкендігі бар гүлге басын сүйеді. - Жабырқама! Сабыр ет! – деп жұбатты ол. - Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Өз	**«Сүйікті ертегі кейіпкері» Мақсаты:** балалардың ертегілер туралы бұрын алған білімдерін бекіту және нақтылау. Өзіңіздің сүйікті кейіпкеріңізбен сәйкестендіру қабілетіне тәрбиелеу. **Викторина ойыны** Тәрбиеші балаларға таныс ертегілерден үзінділер оқиды, сұрақтар қояды, ал балалар ертегілердің, өлеңдердің аттарын анықтап, шығарма кейіпкерлерінің аттарын есте сақтауы керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас, таным іс-әрекеті)** **«Қателерді түзету» тапсырмасы** Балалар тақтаға дұрыс емес ретпен бекітілген«Шалқан» ертегісіндегі сюжеттік суреттерді қарастырады. «Сүйікті ертегіңізден кейіпкерді тап» (Түлкі, колобок, қоян, қасқыр, аю, Ақшақар және т.б.).

				құлқынынан басқаны ойламайтын жауыз шөп. Әлі -ақ құтыламыз. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Гүлдің көңілі біраз көтеріліп қалды.Әлгі гүлдің айтқаны рас боп шықты. Ертесіне адам келді де, арам шөпті жұлып тастады. Гүл қайтадан құлпырып өсе бастады. Алайда көп нәрсені ұққандай болды. Өмірде жақсылар да, жамандар да бар екен. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет қарым - қатынас іс -әрекеті, математика негіздері - танымдық қызмет) Балалардың таңдауы бойынша әңгіме желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсырушығармашылық қызмет)**	Мүқият қарап, ертегі кейіпкеріңізді мүсінде. **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** **Вариативті компонент** «Шалқан» ертегісін сахналау Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру .
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**№ 20**	**№ 21**	**№ 1**	**№2**	**№3**
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар.				

	Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар түскі астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Керуеттегі жаттығулар** Көзімізді ашайық Аунап-қунап алайық. Ұйқымызды ашайық "Самал жел" (ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел соққанын көрсету) "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі". Ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу) **(дене шынықтыру, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Бесін ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар бесін астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қораз ойыншығымен танысу".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жемістер мен көгөністер".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру,	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Дөңгелек жемістер мен көгөністер".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын,	**Сурет салудан ойын-жаттығу "Апельсиндер".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету. **"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.**	**Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. **(көркем әдебиет)** **"Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны.** **Мақсат-міндеттер:**

	"Құстарды аулаға жинайық?" Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **"Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.** Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аспаз". Мақсат-міндеттері.** Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету. **Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін ата". Мақсат-міндеттері.** Тағам түрлерін қазақ	оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. **"Төртіншісі артық" танымдық ойыны. Мақсат-міндеттері.** Жемістер мен көгөністерді тануға, байқампаздыққа дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)** **"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.** Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. **(математика негіздері)**	зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. **"Мозаика" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері.** Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; тапқырлыққа баулу. **(танымдық дағдылар).** **Музыкадан ойын жаттығу "Күз желі". Мақсат-міндеттері.** Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. «До – ре – ми» ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.	**Мақсат-міндеттері.** Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Саусақ ойыны. "Бақшадағы қызанақ пен қияр". Мақсат-міндеттері.** Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қияр көгөніс екенін ажыратуды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. **(сөйлеуді дамыту)** **Құрастырудан ойын-жаттығу "Қорап". Мақсат-міндеттері.** Балаларға кірпіш құрылыс материалынан қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату. **(сөйлеуді дамыту)**

	тілінде дұрыс атауды үйрету. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**				
Балалармен жеке жұмыс	**Санамақтар айтқызу.(Алан,Әлінұр** Бір дегенім - білеу, Екі дегенім - егеу, Үш дегенім - үскі, Төрт дегенім - төсек, Бес дегенім - бесік, Алты дегенім - асық, Жеті дегенім - желке, Сегіз дегенім - серке, Тоғыз дегенім - торқа, Он дегенім - торқа, Он дегенім - оймақ, Он бір қара жұмбақ.	**Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру) Мақсат-міндеттері.(Игнат, Айдана)** Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.	**Әңгіме құрастыру "Табиғат". Мақсат-міндеттері.(Қанат, Аиша)** Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	**"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. (Аяла, Имран) Мақсат-міндеттері.** Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	**Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. (Айдын, Алишер) Мақсат-міндеттері.** Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.
Серуенге дайындық	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Тағамның атауын есте сақтауға, тамақ ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру".	Балалардың отбасында не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Тексерілді:
Әдіскер: _____ Р.З. Балабекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:МКҚК «№1 бөбекжайы»
Топ: «Көбелек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3-4 жас
Жоспарлаған құрылу кезеңі: 04.11-08.11.2024 ж. **«Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»**

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 04.11.2024.**	**Сейсенбі 05.11.2024.**	**Сәрсенбі 06.11.2024.**	**Бейсенбі 07.11.2024.**	**Жұма 08.11.2024.**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу**(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	« Балалардың демалыс күндерін қалай. Қайда өткіздерді жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға таңғы жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат»** **Ойын барысы:** Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Оқушы қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Үстел үсті ойыны: «Егіс алқабында» лото** **Мақсаты:** балаларға қоршаған әлемді жақсырақ білуге көмектесу, оның нысандарын түсі мен формасы бойынша сәйкестендіруге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Үстел үсті ойыны: «Орман доминосы»** **Мақсаты:** зейінді, көру қабілетін, комбинаторлық қабілеттерін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Үстел үсті ойыны: «Жақсы және жаман деген не?»** **Мақсаты:** қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Үстел үсті ойыны: «Жұбын тап. Көп-аз»** **Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға және белгілері бойынша жіктеуге үйрету, логикалық ойлауды, зейінді, визуалды қабылдауды дамыту. **(математиа негіздері)**
Таңғы шеңбер	**«Қорқақ қоян»**				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық**				

	«Дұрыс тамақтана білейік» **Мақсаты:** Салауатты өмір салтын сақтаудағы дұрыс тамақтанудың маңыздылығын және қажеттілігін білу. Дәрумендердің адам денсаулығы үшін қандай пайдасы бар екенін үйрету. Тазалыққа,дұрыс тамақтануға, салауатты өмір салтын ұстануға баулу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Дидактикалық ойын «Кім тез жинайды?»** **Ойын мақсаты:** Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады.Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі	**«Алтын дән»** **К.Ахметова** **Мақсаты:** өлең мазмұнымен таныстыру, сөздік қорын дамыту. Жатыр дала жалтылдап, Жаз шуағын мол құйды. Күн астында алтын дән Тербеледі, толқиды. Толықсыған тасқындай Көкжиекпен ұштасып, Күн астында ақ бидай Билейді қол ұстасып. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Сергіту сәті** Кел, балақан, балақан, Шапалақта алақан: жай-жай-жай. Қозғап барлық денені, Қаттырақ соқ қолды енді: сарт-сарт-сарт. Айтқан кезде өленді, Ақырын бас еденді: жай-жай-жай. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **«Қарама-қарсы сөздер» сөздік** **Мақсаты:**Балаларға мағынасы қарама-қарсы сөздерді табу, үйрету, сөздік қорларын молайту. Көрнекілігі: суреттер	**«Қасқыр мен жеті лақ»** **Мақсаты:** «Қасқыр мен жеті лақ» ертегінсін оқу. ертегінің мазмұнын түсіндіру. Дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру. Тіл байлықтарын молайту. ой-өрісін дамыту. Қамқорлыққа, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын «Шынжырға ертегілерді жинайық»** **Мақсаты:** Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. **Шарты:**Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады. **Мысалы:**"Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды". ("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан "). Ертегіні үш сөзден	**Ыбырай Алтынсаринің «Әке мен бала» әңгімесімен таныстыру.** **Мақсаты:** Әңгімені дұрыс түсіне білуге үйрету. Еңбекке деген қызығушылықтарын дамыту. Еңбеккорлыққа, ізеттілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) **Біртұтас тәрбие** **«Отбасы мүшесін ата» ойыны** **Мақсаты:** туыстық атауларды білуге үйрету. **Ойынның шарты:** Берілген мазмұнды суретке қарап, отбасы мүшелерін атау. 1. Әке. 2. Шеше. 3. Әже. 4. Ата. 5. Аға. 6. Әпке. 7. Сіңлі. 8. Қарындас, т.б. **«Құлынға арналған таға»** Топтық жұмыс **(математика негіздері, құрастыру сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	**«Дәрігер Айболит»** **Мақсаты:** Корней Иванович Чуковскийдың «Дәрігер Айболит» ертегісімен таныстыру. Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру. Сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру. Шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, әдемі болуға тәрбиелеу. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **«Бұл қандай жануар?» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Етістіктерге тиісті зат есімдерді тауып қосады. Боздайды (Түйе) Кісінейді, жүгіреді, шабады. (Жылқы). Маңырайды, сүзеді.

	дұрыс жинайды сол топ марапатталады.Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады. **(коршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)** **«Себеттегі жемістер» топтық жұмыс** **Мақсаты:** балаларға жемістерді көрсету арқылы, есте сақтау қабілетін арттыру. Түстерін және пішінін айтқызу. **(математика негіздері, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, құрастыру)**	Ойын барысы: Тәрбиеші суреттерді тақтаға іліп қояды. Тәрбиеші бір баланы тақтаға шығарып, тақтадағы суреттердің біреуін алып, суреттің мағынасы қарама-қарсы сөздерін табуын сұрайды. **(сөйлеуді дамыту)** **«Тышқанға арналған дәндер»** Түсін, пішінін атау. **(математика негіздері, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, құрастыру)**	тауып ал: 1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық") 2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ") **«Лақтарға арналған сүт құмырасы»** **Мақсаты:** пішінді қалыптастыруға түстерді атауға, ретімен орналастыруға үйрету (математика негіздері, құрастыру сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)		(Ешкі). Мөңірейді, шайнаңдайды, жүреді, сүт береді. (Сиыр). Күзетеді. үреді, мүжиді. Ол не? (Ит). Мияулайды, еркелейді, тырнайды. Ол не? (Мысық) **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **«Айболитке арналған қажетті заттар»** Топтық жұмыс **(математика негіздері, құрастыру сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** **Вариативті компонент/ «Үш аю» ертегісі** Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**№ 4**	**№ 5**	**№ 6**	**№7**	**№8**
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз.				

	- Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).***
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Кір қуамын, кір қуамын, Бар ма салақ құрбыларың? Үсті-басы, реңінен, Кір екенін білемін мен. Саусағынан, білегінен, Кір екенін білемін мен. Кір қуамын, кір..» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз». Астың құрамында дәрумендер көп, тауысып жесек еніміз сау болады. **(көркем әдебиет)**
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** **«Қияр мен қырыққабат»** ертегісін оқып беру. **(көркем әрекет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Көзге арналған жаттығулар: 1.Көзді ашып жұму. Оңға. солға. 2.Көзді ашып жұму. Солға. оңға Төмен жоғары қарау. Алақандарыңызбен көзді жабу, алысқа қарау. Саусақ жаттығуы : «Орамжапырақты тұздау» -Біз орамжапырақты тураймыз(жоғары – төмен қолдың тез қимылтату) - Біз сәбізді үгеміз(жұдырықты түйіп алға, артқа сырғымалы қимыл жасау) - Біз орамжапырақты тұздаймыз (саусақтарды бүгіп, мыжу) «Тосын сый» (түлкі мен аю келеді) «Көңілді аңдар»
Бесін ас	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).** Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. **(дене белсенділігі).** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды

	шаштарын тарауға үйрету (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** Өзімдіжақсы сезінемін **(сөйлеуді дамыту).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Ойын кеңістігін ұйымдастыру:** «Қуыршақтың туған күні» Мақсаты: үстелді жабдықтау туралы білімді кеңейту, алақандар арасында ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу тәсілдерін үйрету,мерекеде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру; **Театрлық қызмет** Ширмада қуыршақпен ойынның алғашқы үлгілері. Мақсаты: қуыршақтың негізгі ережелерін меңгеру, импровизация, кез-келген көңілді, қол жетімді диалогтар. Қуыршақтарды ширмада жылжыту қабілетіне үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, көркем әдебиет)**	**Ойын кеңістігін ұйымдастыру:** «Кітапханаға барамыз» Мақсаты: Суреттерді,заттарды қарастыруда байланыстырып сөйлеу; Сурет бойынша жұмыс. Мақсаты: бірдей заттарды салыстыру; **«Қағаз, оның қасиеттері».** Мақсаты: Қағаздан жасалған заттарды, олардың сапалары (түсі, тегістігі, қалыңдығы, қасиеті) мен қасиеттерін (умаждалады, кесіледі, жыртылады) тани білуге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**	**Ойын кеңістігін ұйымдасыру:** «Дәрігердің қабылдауында» Мақсаты: Ойын арқылы сөздік қорын кеңейту Сөздерде дауысты (а, ә) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру; «медициналық аспаптардың» атауларын атау, оларды қолдана білу, сөздік қорын кеңейту, ойын ережелерін орындай білу. Танымдық-зерттеу қызметі. Дымқыл параққа сурет салу Мақсаты: экспериментке деген қызығушылықты дамыту, қоршаған орта объектілеріндегі жаңа нәрселерді көре білу.**(қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту,сурет салу)**	**Театр қызметі «Бауырсақ»** Мақсаты: Балалардың театр ойынына деген қызығушылығын қалыптастыру. Балалардың жабайы жануарлар мен олардың әдеттері туралы білімдерін кеңейту; қозғалыс арқылы музыканы қабылдаудың эмоционалдылығын, бейнелілігін дамыту. Достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Ойын кеңістігін ұйымдасыру:** «Айтшы қандай?» Мақсаты: Балаларды заттын белгілерін анықтауға үйрету. Шарты: Тәрбиеші (немесе бала) қорапшаның ішінен, заттарды алып шығады, балалар заттын атауы мен белгісін айтады. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, жапсыру)** **Театрлық қызмет** Балалар Айболит ертегісі желісі бойынша әр кейіпкердің атрибуттарын киіп, ертегіні сахналайды, қимылдарын келтіру
Балалармен жеке жұмыс	**Математика негіздері «Ұқсас пішіндерді ата»** **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді және түстердіажырата	**Математика негіздері, «Бағдаршам»** **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; түстерді	**Математика негіздері** **Д/о «Қанша»** «көп», «біреу, бір» ұғымдарын қалыптастыру.	**Дене шынықтыру.** Жаттығу. «Мен ұқыптымын» мәдени-гигиеналық жұмыстарды орындау	**Математика негіздері** **«Түстер бойынша орналастыр»** **Мақсаты:** Затты

	білуге үйрету. **(Аяла, Айдос.)**	қазақша айтуға дағдыландыру. **(Игнат, Владлена)**	**(Аиша, Қанат)**	кезінде дербестік білдіру кабілетін дамыту.(Алинұр. Айлин)	сурет арқылы және түстері бойынша табуға үйрету. **(Алишер, Айдана)**
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Дұрыс киінеміз» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту)***				
Серуен	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен өткен күн, балалардың жетістіктері туралы әңгіме	Ата-аналарға қазақ тілінде сөздерді оқыту бойынша ұсыныстар беру	Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме.	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы ата-аналармен әңгіме.	Ата-аналармен «Бір апта ішінде біз не білдік» әңгімесі

Тексерілді:
Әдіскер: Байда Р.З. Балабекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:МКҚК «№1 бөбекжайы»
Топ: «Көбелек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3-4 жас
Жоспарлаған құрылу кезеңі: 11.11-15.11.2024ж. **«Тура биде туған жоқ!»**

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 11.11.2024**	**Сейсенбі 12.11.2024**	**Сәрсенбі 13.11.2024**	**Бейсенбі 14.11.2024**	**Жұма 15.11.2024**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп айтуға, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу**	**Үстел үсті ойыны, мозаика."Жабайы аңдар".** Мақсат-міндеттері. Олардың мекен ететін жерлері, қоректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу.**(қоршаған ортамен танысу,**	**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)"Бір сөзбен ата" ойыны.**	**Санамақтар айтқызу.** Қасқыр қақты қақпаны.- Ашыңдар, тез! - айтқаны.Сол-ақ екен лақтар-Титтей-титтей шұнақтарЖан-жағына жүгірді,Жасырынып үлгерді.Бірі - төсек астына,Бірі - пештің қасына,Бірі - сәкі астына,Бір - астына кереует,Бірі - тапқыр керемет,Отыр бөшке түбінде,Қанша лақ бар бұл үйде?**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)""Ненің төлі?" дид.ойыны.**	**"Сипаттама бойынша аңды таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жануарларды сипаттаматануға үйрету сөйлеуін дамыту. **(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру)Тақпақ жаттау**Нан қоқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларғатастаңдар .

Таңғы шеңбер	«картатека»№6				
Таңғы ас	Қолдағы сабынды көпіртіп сабындау, мұқият шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Ас ішудің мәдениет н Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста. Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру. **Барысы:** Педагогтің үстелінде суреттер жатады: сәбіз, қырыққабат, таңқурай, бал, балық, жаңғақ, шырша бүршігі, саңырауқұлақ, ағаш қабығы, шөп, тауық, қоян, қозы және тағы басқа. Балалар суреттерді сәйкес жануарға жапсырады. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	**"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. **Барысы:** Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.) Қоңыр, қыста ұйқыға кетеді, епсіз. (Аю.) Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.) Қу, айлакер. (Түлкі.) (сөйлеуді дамыту)	**"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Барысы:** Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "	**"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. **Барысы:** педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. **(сөйлеуді дамыту)**	**Шаттық шеңбері** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар. Ең жақын адамдар, Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! **(әлеуметтік-эмоциялық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша		Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	
	«Көмекшілер» **Мақсаты**: балаларға әңгіменің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға үйрету. Педагог балаларға **«Көмекшілер»** әңгімесін оқып береді. Оқылған әңгіме мазмұнын көмекші сұрақтар қоя отырып айтқызу. Әңгімені қайта оқи отырып, мазмұнын балаларға айтқызу. Демонстрациялық көрнекілікті қолдану. – Балалар, ас ішерде дастарқанды кім дайындайды? – Сендер қайтіп көмектесесіндер? – Балалар, мына бала нені үстелге қоюды ұмытып кетті? – Сендер топтарында кезекшілік	**«Ойыншықтар достығы»** **Мақсаты:** балалардың достық қарым-қатынас жайындағы білімдерін кеңейту, «қ»дыбысының дұрыс айтылуын бекіту. «қ»дыбысының дұрыс айтылуын бекіту. ойыншықтар және олардың достығы туралы сюжеттік әңгіме құрауға үйрету; **Көркем сөз** Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. **(Көркем әдебиет)** Педагог балалармен достар, достық туралы әңгімелеседі. Өленді педагогпен бірге қосылыпқайталайды.Тәр биеші балаларға достар бір-біріне әрдайым көмекке келіп, қолындағысымен бөлісетін, тату, сүйіспеншілігі мол, бір-бірін сыйлайтын жандар екенін айтады.	**«Күзгі гүлдер»** **Мақсаты:** Гүлдің құрылысы жайлы түсіндіру.Байқампазды қ қабілетін, зейінін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету. **Суретпен жұмыс (Сөйлеуді дамыту)** **Жұмбақ** Суыққа шыдар Аппақ, сары, қызыл гүлдер. Қырық күнге дейін гүлдер, Хош иісті қай гүлдер? **Жауабы: жұлдызгүл.** Жапырағын ұстасаң, Асты суық, Жылы үсті, Дәрі жасар бұл гүлден, Емдер күйік, тыныcты. **Жауабы: түймедақ.** **(Көркем сөз)** **Сергіту сәті.** Шалғынға серуенге барамыз, (Тізелерін жоғары көтеріп, бір орында тұрып жүреді). Гүлдерді иіскейміз,	**«Жау, жау, жаңбыр!»** **Мақсаты:** Жансыз табиғаттағы құбылыстар жайлы түсіндіру; табиғат құбылыстарының бірі – жаңбырмен таныстыру. Балалардың табиғатқа, табиғат құбылыстарына, оны танып-білуге деген қызығушылығын ояту. Жаңбырға қуануға үйрету. **Жұмбақ** Аспаннан домалап, Көп моншақ төгілді. Бусанып жон-алап, Терледі, керілді. (Жаңбыр) **(Көркем әдебиет)** **Сергіту сәті.** Бақыт болып жаушы, жаңбыр, Менің әсем қалама Бақыт болып жаушы, жаңбыр, Менің байтақ далама, Менің әсем қалама, Менің байтақ далама. **(дене шынықтыру)**	**«Жабайы жануарлар»** **Мақсаты:** Жабайы жануарлар мен олардың төлдері туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Жабайы жануарлардың тіршілігі туралы мағлұмат бере отырып, балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Жанды табиғатты аялауға үйрету. «Жабайы жануарлардың дауыстары» аудиожазбасын тыңдайды және дауыстардың нелердікі екенін анықтау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Жұмбақ** Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян) Сұрғылт тартқан түсі бар,

	міндеттеріңді атқарасыңдар ма? – Қалай көмектесесіңдер? **(сөйлеуді дамыту)** **Жұмбақ:** Өткір жүзді келеді, Өте қажет құрал ол. Тұтас затты бөледі, Ұсақтап та турар мол. (Пышақ) Сабы бар, Басы шатыр. Табысын өлшеп әкеп, Құдыққа тасып жатыр. (Қасық) **(көркем әдебиет)** **«Заттың атын ата» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** заттың тауын айтуға, танып білуге үйрету, сөздік қорын дамыту. **Ойын шарты:** суреттегі ыдыс-аяқтардың атын атау. (Мынау не? Ыдыс-аяқтар. Ыдыс-аяқтарға кесе, тостаған, қасық, шанышқы т.б. жатады). Оларды не үшін қолданатынын жеке-жеке атайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалармен аналарына көмектесуі туралы сұрақ-жауап әдісі арқылы	«Ойыншықтар тостағы» шығармасын тыңдауға ұсыныс тастайды. **(Сөйлеуді дамыту)** **«Менің досым» сөздікойыны** **Мақсаты:** сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. **Шарты:** балалар шеңбер құрып тұрады. Педагог допты лақтырып, кезек-кезек балаларға сұрақ қояды. – Сенің досың кім? – Сен досыңды жақсы көресің бе? – Досыңа қалай көмектесесің? Допты ұстап, сұрақтарға жауап береді, балалармен достық жайлы әңгімелеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **«Досыма арналған сыйлық»** **(Топтық жұмыс)** **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)** **Үйірме жұмыс** **«Сиқырлы тастар»** **"Затты табу" ойыны** **Мақсаты:** тактильді түйсіктердіі дамыту; «Марблс» тастарынан	*(Ерінеді).* Хошчисті гүлдер жайқалады. *(Мұрнымен бірнеше рет құшырлана иіскейді).* Гүлдерді жұлмаймыз. *(Бойын тіктеп, басын оңға-солға бұрады).* Қандай керемет! *(Алақандарын жаяды).* **(дене шынықтыру)** **«Суретті құрастырып жина» ойыны** **Мақсаты:** қолайлыэмоционалдық жағдай қалыптастыру. **Шарты:** Қиылған суреттерді құрастырып жинайды(түймедақ, аққекіре).Балалардың білімін нығайту педагог балалардан жыл мезгілдерін атап беруді, олардыңсеруендеген кезде нені аңғарғанын еске түсірулерін сұрайды.Күздіңбелгілерін атап көрсетеді: күн суытты, аспанды жиі бұлт торлайды, жаңбыр жауады, құстар жылы жаққаұшып кетеді.Гүлдердің суреті салынған картинаны көрсетіп, осы гүлдерді қайдан көргендерін сұрайды.Балалар бұл гүлдерді балабақшадағы	**«Менің достарым» ойыны** **Мақсаты:** балалардың байқағыштыққа, достыққа тәрбиелеу **Шарты:** балаларға карточкалар таратады. функциясын таңдап алып, оның атауын атап береді.Балалар белгілі бір нысанның суреті бейнеленген карточкаларды алады. Қолындағықарточкасы ның қызметі айтылған функцияға сәйкес келген бала педагогтің жанына(жүгіріп) барады. П: Менің достарым адамның күзде тоңып қалмауына көмектеседі. Б: Күрте, малақай, қолғап, етік, жемп **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **«Шынымен жаңбыр жауды! Жаңбырдың, жерге тамшылап жатқан тамшылар»** Әр тамшы мен жердің арасын қарындашпен сызып көрсету, тамшыны мүсіндеу, жапсыру, түсін атау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)** **Біртұтас тәрбие**	Аксина көпшісі бір Тынымсыз тапай жүгіріп Сілекей шұбырған. Қыстау маңын торидың Ауылдың өш бар иті. (Қасқыр) Жауымнан мен қашқанда, Ағаштарға самғап бағам. Ал қарным ашқанда, Отырып ап жаңғақ шағам. (Тиін) Санай алмай шаршадым – Найзасы бар қанша мың. Батыр емес бірақ та, Қашып жүрер жыраққа. (Кірпі) **(Көркем сөз)** **Сергіту сәті** Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық. Қалтамызға салайық. **(дене шынықтыру)** **Жануарлар келе жатыр» атты дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** жануарлар туралы түсінік қалыптастыру. **(Қоршаған**

	әңгімелесу. *Бояу-аяқ ыдыс-аяқ қасық - ложка шанышқы - вилка* сөздерін қайталайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) «Айсұлуға арналған қасықтар»** (Топтық жұмыс) **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)**	ерекшеленетін заттарды таңдау қабілетін дамыту. (Мысалы: шағын құрылыс материалы, киндер-сюрприз ойыншықтары т.б) **Құрал-жабдықтар:** терең контейнер, "Марблс" тастары, киндер-сюрприз ойыншықтары. **Тапсырма:** тәрбиеші ашық көзбен тастардың ішінде жасырылған ойыншықтарды алдымен бір, содан кейін екінші қолымен табуды ұсынады. Күрделендіру: көздерді жұмып ойыншықтарды іздеу, ол не екенін анықтау	гүлзарлардан көрінеін еске түсіреді Балаларды алдағы жұмыска дайындайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) «Балабақша ауласындағы күзгі гүлдер»** (Топтық жұмыс) **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)**	**«Қоғамдық мүлікті қорға»** Жергілікті көрікті жерлермен танысу(Мұражай,театр, кітапхана, саябақ, мекетеп, балабақша) Көрсетілген суреттерге қарап әңгімелеп беру.	**ортамен таныстыру) «Кішкентай көжек» (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері) Вариативті компонент/ Шығармашылық «Шебер қолдар» Тақырып:**«Пирамида» **Мақсаты:** Әр түрлі көлемдегі бұрыштарды бүктеуге үйрету, желіммен ұқыпты жұмыс істеу, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шқафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**№ 9**	**№ 10**	**№ 11**	**№12**	**№13**
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына созады, еркін тыныс алу. 2. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын түю, қолдарын алға созып айқастыру,				

	демалу. 3. Балалар төсекте шалқасынан жатып (аркамен), қолдарын бастарына қояды, сол және оң аяқтарын кезекпен көтеру, жоғарыда екеуін қосып ұстап тұру, аяқтарын түсіру. 4. Балалар төсекте шалқасынан жатып (аркамен), қолдарын қасына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебу. Төсектен тұрғызу. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)**				
Бесін ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қонжық тақпағын жаттау".** **Мақсат міндеттері:** Балаларға көжек туралы тақпақты жаттату кезінде оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы мағлұматтар беру; көжек туралы тақпақ жолдарын мәнерлеп айтуға ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".** **Мақсат-міндеттері**: Аңдардың төлдерін тануды үйрету және қазақ тілінде атауға дағдыландыру. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**	**"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері:** Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) **Музыкадан ойын-жаттығу "Қонжық".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың жаңа әнге қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен	**Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға қонжықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене мүшелерін, қосалқы бөлшектермен толықтырып салуды үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Қонжық".** Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады.	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қонжық орманға барады".** **Мақсат-міндеттері:** Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды байқауды үйрету; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны** Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып,	**Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр".** **Мақсат-міндеттері:** Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктелуі қасиетімен таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тең екі жарты шеңберге бүктеуді үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. **"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері:** Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын

